


МЕБЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-февраль 2024 г.

14,8
МЛРД ТГ



- Мебель для сидения специальная в основном с металлическим каркасом
- Мебель офисная деревянная
- Мебель кухонная
- Мебель деревянная для столовой и гостиной
- Мебель деревянная для спальни прочая (кроме кроватей и шкафов)

123,1%
ИФО

\$0,55
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 67,7%
ОТП 32,3%



РЫНОК


\$25,7
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь 2024 г.

г. Алматы	3.7
Алматинская	2.8
Павлодарская	1.1
Туркестанская	1
Западно-Казахстанская	0.9
г. Астана	0.8
Карагандинская	0.8
Акмолинская	0.6
Северо-Казахстанская	0.6
г. Шымкент	0.4
Костанайская	0.4
Жамбылская	0.4
Актюбинская	0.4
Восточно-Казахстанская	0.4
Абай	0.2
Атырауская	0.2
Мангистауская	0.09
Жетісу	0.09
Кызылординская	0.07
Ұлытау	0.04



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2024 жылғы қаңтар-ақпандағы жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімі өндірісінің көлемі 2024 жылғы қаңтар-ақпанда 14,8 млрд теңгені құрады, бұл, 2023 жылғы осы кезеңдегі көрсеткіштен 17,2% жоғары. Сала ФКИ қаралған кезеңде 123,1% құрады.

ФКИ өсуі негізінен металл каркасты отыруға арналған арнайы жиһаз (14,6%), ағаш кеңсе жиһазы (55,5%), ас үйге арналған жиһаз 20%, сондай-ақ, асханаға және қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһаз (14%) өндірісі көлемінің өсуімен байланысты.

Жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (керуеттер мен шкафтардан басқа) өндірісінде 11,5% төмендеу байқалады.

Жиһаз өнімін тұтынудың ішкі нарығы 2024 жылғы қаңтарда 37,9 млн АҚШ долл. құрады (17,1 млрд теңге). Отандық өндіріс үлесі 32,3% құрады.

Жиһаз өнімі экспортының көлемі 2024 жылғы қаңтарда 2023 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе 550,3 мың АҚШ долл. құрап, 25% төмендеді.

2024 жылғы қаңтарда жиһаз саласы экспортының тауарлық құрылымында негізгі көлемді төмендегі тауарлар құрайды: өзге де металл жиһаз (216,3 мың АҚШ долл.), пластмассадан жасалған жиһаз (80,6 мың АҚШ долл.), металл каркасты отыруға арналған өзге де жиһаз (80,3 мың АҚШ долл.), керуетке ауысатын немесе ауыспайтын отыруға арналған жиһаз және оның бөлшектері: өзге бөлшектері (49,1 мың АҚШ долл.), отыруға арналған өзге де жиһаз (27,3 мың АҚШ долл.), мекемелерде пайдаланылатын металл жиһаз (27 мың АҚШ долл.), жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (25,4 мың АҚШ долл.), өзге де ағаш жиһаз (16,4 мың АҚШ долл.), өзге материалдардан жасалған матрастар (10,8 мың АҚШ долл.), ағаш каркасты отыруға арналған қапталған жиһаз (8,3 мың АҚШ долл.) және т.б.

Жиһаз өнімі экспортының көлемі Ресейге (27,1% немесе 149 мың АҚШ долл.), Өзбекстанға (22,7% немесе 124,9 мың АҚШ долл.), Германияға (13,8% немесе 76,1 мың АҚШ долл.) және т.б. жіберілді.

Жиһаз өнімі импортының көлемі 2024 жылғы қаңтарда ақшалай көріністе 2023 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 25,7 млн АҚШ долл. құрап, 0,1% төмендеді.

Тауарлық құрылымда импортталатын жиһаз өнімінің ең жоғары көлемі мына тауарларға тиесілі: керуетке ауысатын немесе ауыспайтын отыруға арналған жиһаз және оның бөлшектері: өзге де бөлшектері (1 554,7 мың АҚШ долл.), мекемелерде пайдаланылатын жиһаз металл (1 499,4 мың АҚШ долл.), металл каркасты отыруға арналған қапталған жиһаз (1 645,4 мың АҚШ долл.), өзге жиһаз және оның бөлшектері: өзге (994,2 мың АҚШ долл.), мекемелерде пайдаланылатын ағаш жиһаз (981,8 мың АҚШ долл.), өзге металл жиһаз (2 747,2 мың АҚШ долл.) және т.б.

Импорт жиһаздың негізгі көлемі Ресейден (7 221,3 мың АҚШ долл немесе жалпы импорт көлемінің 28,1%), Қытайдан (5 732,8 мың АҚШ долл немесе 22,3%), Түркиядан (2 724,5 мың АҚШ долл немесе 10,6%), Беларусиядан (2 125,3 мың АҚШ долл немесе 8,3%) келеді.

Аумақтық кесінде жиһаз компаниялары еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан. Алайда, еліміздің жиһаз өнімі көлемінің 24,8% Алматы қ. (3,7 млрд теңге) өндірілетіндігін атап өткен жөн.